

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Қоғамдық денсаулық сақтау және мейіргерлік ісі
кафедрасы

**Амбулаториялық-емханалық
мекемелер
БМСК**

ОРЫНДАҒАН: 3-008 ЖМФ

Мақсаты: Амбулаториялық-емханалық мекемелердің ұйымдастырылуы және жұмыс тәртібін айқындау, Бастапқы Медициналық-Санитарлық Көмек тиімділігін және қаржыландырылуын анықтау.

○ **Жоспар:**

- **Кіріспе**
- **Амбулаторлық-емханалық мекеменің негізі**
- **Қалалық емхананың негізгі міндеттері**
- **Емдеу-диагностикалық жұмыс**
- **Қорытынды**
- **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

Емхана(Поликлиника)- науқастарға медициналық және мамандандырылған көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда үй ішінде тексеру және емдеуге бағытталған көп салалы емдік-профилактикалық мекеме.

Амбулатория- Амбулаторияға келетін және үй жағдайындағы науқастарға,емхана секілді медициналық көмек көрсетуге бағытталған, емдік-профилактикалық мекеме.



Амбулаториялық-емханалық көмек – амбулаториялық-емханалық мекеме жағдайында алғашқы буын мамандандырылған дәрігерлердің халыққа көрсететін сұранысқа ие медициналық көмек түрі. Денсаулық сақтаудың алғашқы буын деңгейінде науқастардың 80% тексеруден өтеді және емделеді.

Амбулатория-емхана көмегі "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес (бұдан әрі - Заң)

- ✓ фельдшерлік немесе фельдшерлік-акушерлік пункттерде ,
- ✓ ауылдық (отбасылық) дәрігерлік амбулаторияларда,
- ✓ ауылдық учаскелік ауруханаларда,
- ✓ аудандық (орталық) ауруханалардың жанындағы емханаларда,
- ✓ балалар, әйелдер консультацияларын қоса алғанда аумақтық қалалық емханаларда азаматтарды тіркеген жері бойынша өзге де амбулаториялық-емханалық ұйымдарда бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК), білікті және мамандандырылған медициналық көмек түрінде ұсынылады.

Амбулатория-емхана көмегін көрсетеді

- Учаскелік терапевтер
- Педиатрлар
- Акушер-гинекологтар
- Жасөспірімдер кабинеттерінің дәрігерлері
- Жалпы практика дәрігерлері
- Фельдшерлер
- Акушерлер
- БМСК мамандары

Амбулаториялық-емханалық көмектің негізгі түрі аймақтық принцип бойынша жүзеге асады:

Дәрігерлік терапевтік аймақ тек клиницист емес, әлеуметтік гигиена мен клиникалық медицина жөнінде хабардар болуы тиіс.

«Аймақтық емханадағы дәрігер терапевт туралы» заңнама бойынша аймақтық терапевт қамтамасыз етуі қажет:

-Халыққа емханада және үй жағдайында дер кезінде квалификациялық терапевттік көмек көрсету;

-Уланған, жарақаттанған және жедел жағдайдағы науқастарға мекен жайына қарамастан жедел медициналық көмек көрсету;

-Жоспарланған госпитализациялау кезінде науқастарды алдын ала тексерістен өткізіп дер кезінде ауруханаға жатқызу;

-Өз жұмысында профилактика, емдеу диагностикалауда ең жаңа әдістерді қолдану медикаментоздық заттар, диетатерапия, емдік дене шынықтыру, массаж, физиотерапия және т.б.

Амбулаториялық-емханалық мекеме дәрігерінің жұмысы профилактикалық медициналық тексеріс кезінде мүмкін болатын ауруларды анықтау, мүгедектіктен және өлімнен сақтау мақсатында емдік-сауықтыру орталықтарына жүгіну.

Амбулаториялық-емханалық мекеме дәрігері анықтайды және іске асырады:

- Диагнозды нақтылау мақсатында қажет диагностикалық зерттеулердің көлемін;
- Жоғары технологиялық емдеу қажет науқастарды іріктеуді;
- Белгілі бір ауру анықталған науқастарды динамикалық бақылау және жеке емдік-сауықтыру шаралары жоспарына сәйкес емдеу және реабилитация жүргізу.

Қалалық емхананың негізгі міндеттері

- Амбулаторлы және үй жағдайында алғашқы және мамандандырылған көмек көрсету;
- Еңбекке жарамсыздыққа дәрігерлік экспертиза жүргізу;
- Профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;
- Халықты гигиеналық тәрбиелеу;
- Халық денсаулығы көрсеткіштерін оқу.

Профилактикалық іс-шараларға профилактикалық (біріншілік),
профилактикалық мүмкін (екіншілік).

Біріншілік іс-шаралар:

- Вакцинация;
- Халықты гигиеналық тәрбиелеу;
- Денсаулығына қауіп төнген және сау науқастарды диспансерлік бақылау
- Санитарлы-эпидемияға қарсы іс-шаралар.

Екіншілік іс-шаралар:

- Инфекциялық ауруларды дер кезінде анықтау және тиісті мекемеге хабарлау;
- Науқастарды изоляциялау;
- Дезинфекцияларды ұйымдастыру.

Емдеу-диагностикалық жұмыс:

- ауруларды ерте анықтау және науқастарды толық дер кезінде тексеру;
- оңалту емінің тиісті кешенін пайдалана отырып, науқастарды емханаларда және үйде, оның ішінде үй стационарларында емдеу;
- науқастың денсаулығы кенеттен бұзылған кезде шұғыл медициналық көмек көрсету;
- науқастарды тексеру, іріктеу және емдеуге жатқызуға жіберу;
- еңбек ету қабілетінен уақытша айрылуына сараптама жүргізу;
- МӘСК-ке еңбекке қабілеттілігінен тұрақты жоғалту белгілері бар науқастарды іріктеу және жіберу.

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс:

- халық денсаулығының жағдайын талдау;
- емхана, оның бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметін бағалау;
- практикаға алдын алудың, диагностикалау мен емдеудің жаңа тиімді әдістері мен тәсілдерін, сондай-ақ жұмыстың ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізу;
- медперсоналдың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету (стационарларда дипломнан кейінгі дайындыққа және тағылымдамаға жіберу, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу) ·

Қалалық емхана құрылымы

Қалалық емхана:

- регистратура;
- емдік-көмек бөлімі (физиотерапевтикалық, ЛФК, рефлексотерапия);
- диагностикалық бөлімдер (рентген бөлімі, лаборатория, эндоскопиялық кабинет, УДЗ кабинеті);
- дәрігерге дейінгі бақылау кабинеті;
- профилактика бөлімі;
- медицинской статистика және учет кабинеті;
- күндізгі стационар.

**Алғашқы медико-санитарлық көмек-халыққа
үнемі және тегін медициналық көмек
қамтамасыз ететін, тұрғындар медициналық
көмек қажет еткенде, амбулаторлы-емханалық
медициналық ұйымдардың қызметкерлерімен
іске асатын – мемлекеттік қызмет.**

Міндеттері:

Мемлекет пен адам арасында денсаулық сақтау жауапкершілігін бөлу;

Алғашқы медико-санитарлық көмек пайдасына қарай, медициналық көмек ұйымдастырудың халықаралық принциптеріне көшу (ары қарай БМСК);

Денсаулық сақтаудың жаңа үлгісін және саланың бірегей мәліметтік жүйесін құрастыру;

Ана мен бала денсаулығын нығайту, медико-демографиялық жағдайды жақсарту;

Жыл сайын әлеуметтік маңызы бар аурулардың деңгейін азайту;

Медициналық білімді реформалау

БДСҰ АМСК-ң негізгі екі аспектісін анықтайды


Жанжақты болуы(жалпылама, интеграцияланған):

- кез келген жас пен жыныстағы адам, кез келген мәселемен, бір медициналық ұйымның бір қызметкеріне қарала алады. Денсаулық- жеке тұлға, жанұя және қоғаммен бірге қарастырылады


Үздіксіздігі:

- адам туылғаннан өлгенге дейін бір ЕАБ-де қаралады. Ауырған адам ремиссия, өршу кезінде стационарда қаралады.

ХАЛЫҚҚА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ



Халыққа медициналық көмек ұйымдастыру жүйесін іске асыру



Алғашқы медико-санитарлық көмекке кіреді:

- Жиі таралған аурулардың, сонымен қатар жарақаттардың, уланулардың және басқа қауіпті жағдайлардың диагностикасы мен емі,
- Санитарлы-гигиеналық, эпидемияға қарсы шаралар және аурулардың алдын-алу,
- Гигиеналық оқыту халықты тәрбиелеу, жанұяны, ана, әке және балалық шақты қорғау,
- Қауіпсіз сумен қамтамасыз ету және рационалды тамақтану бойынша түсіндіру жұмыстары.

Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері:

2005-2007 жылғы бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік және аймақтық бюджеттен, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңдылығымен тыйым салынбайтын қаржылар да бағытталады.

бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен жалпы шығын 165 658,5 млн.теңгені құрайды,соның ішінде республикалық бюджеттен134 609,9 млн.теңге, аймақтық бюджеттен 31 048,6 млн.теңге алынды.

Қорытынды

Амбулаторлық қызмет, оның ішінде МСАК орталықтары мен емханалардың қызметін жетілдіру денсаулық сақтау қызметтерін көрсету жүйесін – қызметтерді көрсету сапасын жоғарылатуға, тұрақты өзгерістерді енгізу үшін жүйелердің жұмысына қолдау көрсетуге бағытталған стратегиялық бағыттарды енгізу процесін қайта құрылымдау қажеттігіне байланысты туындады. Осындай процестің маңызды бөлігі персоналды дәлелді медицина қағидаттарына негізделген қызметтер көрсету біліктілігіне және технологияларына үйрету. Қайта құрылымдаудың түпкі мақсаты денсаулық көрсеткіштерін жақсарту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

<https://ppt-online.org/184848>

<https://ppt-online.org/256021>

Назарларыңызға рахмет!